

14.05.2025 ж

Қатысқандар саны- 27

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік өзін- өзі аттестаттау туралы комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды:

Дауылбаева Н – мектеп директоры. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша таныстырып шықты.

Келесі 2025-2026 оқу жылының қазан айында мектебіміз мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Осыған орай мектептің үш жылғы құжаттары тексерілетін болады. Қазақстан Республикасының оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы № 14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық және 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы № 12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып, мектептің мемлекеттік аттестаттау құжаттарындайындап қоюымыз керек. Осыған сәйкес мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзімінен кемінде екі ай бұрын білім беру ұйымдары өзін – өзі бағалауын жүргізуі керек, және өзін – өзі бағалау жүргізуге комиссия мүшелерін тағайындау керек. Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын білім беру ұйымының кемінде бес қызметкерінен, оның ішінде төрағадан тұратын комиссия жүргізу ұсынылады екен. Комиссия төрағасы болып білім беру ұйымының бірінші басшысы анықталады. Төраға бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмаларды бөліп береді.

Білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органдары аумақтық бөлімшелеріне өзін өзі бағалау жөніндегі есепті ұсынады, оның ішінде оларды мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей өздерінің интернет – ресурстарына орналастырады екен. Осыған орай бүгінгі кеңесте мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей өздерінің интернет – ресурстарына орналастырады екен. Осыған орай бүгінгі кеңесте мемлекеттік аттестаттаудың өзін – өзі бағалауын жүргізуге төмендегідей комиссия мүшелерін ұсынамын:

Комиссия төрайымы – мектеп директоры Н.К. Дауылбаева

Комиссия мүшелері:

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары -- Кемешов Е
2. Куатова Гулдаурен – мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары
3. Жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі – Қыйлыбаева А
4. Бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі – Жумагазина М
5. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі – Жақсыбаева К

Осы аталған комиссия мүшелері құрамымен бірлесе отырып, жүйелі жұмыс жасаймыз деп сенемін. Мектебіміздің мемлекеттік аттестаттаудан өтуге барлығымыз күш салатын болсақ, оңай өтіп кетеміз деп ойлаймын. Сондықтан барлық әріптестерімді жүйелі жұмыс жасауға шақырамын.

Сөйлеушілер:

Жумагазина М – бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі

Бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралып жатқан мәселелердің барлығы орынды. Мектепшілік өзін – өзі бағалау жүргізуге құрылған комиссия құрамдары жүйелі жұмыс жүргізеді деп және

барлық әріптестер де көмектеседі деп ойлаймын. Барлық әріптестерімді көмектесуге шақырамын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші барлығымыз күш салсақ мектебіміздің аттестаттаудан өтуіне септігі тиеді деп ойлаймын.

Қаулы:

- 1.1. Қазақстан Республикасы оқу –ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру» ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы № 486 бұйрығына сәйкес өлшемшарттар негізінде өзін – өзі бағалау С. Ешбаев атындағы орта мектебінде 2025 оқу жылында жүргізілсін.
- 1.2. Өлшемшарттар негізінде өзін –өзі бағалауды жүргізу төмендегі құрылған комиссияға міндеттелсін:
Дауылбаева Нүргүл – мектеп директоры
Кемешов Ермек – мектеп директорының оқу ісінің орынбасары
Қуатова Гулдаурен – мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары
Қыйлыбаева Ақгүл – жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі
Жумагазина Мейрамгүл – бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі
Жаксыбасва Кенжегүл – гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі
- 1.3. Өзін – өзі бағалау нәтижелерін шығару комиссияға тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Н. К. Дауылбаева

Педагогикалық кеңес хатшысы:  А. Қуаныш



С. Ешбаев атындағы орта мектебі бойынша кезекті педагогикалық кеңес

Хаттама № 8

16.06.2025 ж

Қатысқандар саны- 27

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы № 486 бұйрығын басшылыққа алып, өлшемшарттар талаптарына сәйкес жүргізілген өзін –өзі бағалау туралы аттестациялық комиссияның сараптама қорытындысы жайлы

Хабарламашы: Н.К. Дауылбаева

Тыңдалды:

Н.К. Дауылбаева – комиссия төрайымы

Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы « Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарты бекіту туралы» № 486 бұйрығы педагогикалық кеңестің шешімі 2025 жылғы 14 мамырдағы № 6 хаттама және «Сараптамалық комиссия құру» туралы мектеп бойынша бұйрық негізінде 2025 жылғы 14 мамырдағы білім беру ұйымының өзін –өзі бағалауын өткізу бойынша мектептің өзін –өзі бағалауын өткізді.

Нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасалды. Мектептің өзін – өзі бағалауын комиссия келесі құрамда өткізілді:

1. Нұрғұл Дауылбаева – мектеп директоры
2. Кемешов Ермек – оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Қуатова Гулдаурен – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Жумағазина Мейрамгүл – бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі
5. Жаксыбаева Кенжегүл – гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі
6. Қыйлыбаева Ақгүл – жаратылыстану пәндер бірлестігінің жетекшісі

Өзін –өзі бағалау кезеңінде комиссия келесі өлшемшарттар бойынша тексеру жүргізілді. 1-11 сыныптар бойынша:

2- параграф бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

12- тармақ 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 тармақшалары

13- тармақ 1,2,3 тармақшалары

14- тармақ 1,2,3,4 тармақшалары

15-тармақ 1,2 тармақшалары

1- Параграф . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 9-тармақ 1,2,3,4,5,6 тармақшалары

13- тармақ 1 тармақшасы

11-тармақ 1,2 тармақшалары

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарымен сабақтар кестелерінің болуы және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі бойынша оқу жұмыс жоспарлары ұсынылып, сабақ кестелері kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қаралды . Норма талаптарға сай құрылған.

2) Қ.Р білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыратын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша kundelik kz, bilimclass

электронды журналдары арқылы күнтізбелік – тақырыптық жоспарлардың орындалуы қаралды.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша бекітілген тәрбие жоспары ұсынылды.

4) Білім беру ұйымының бағаланатын кезең үшін қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген үйірме секциялар бойынша штаттық кесте ұсынылды.

5) Білім алушылардың және мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, белсенді оқытуды іске асыру бойынша оқу жоспары мен kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қаралды.

6) Бағаланатын кезеңге әзірленген бекітілген вариативті компоненттің сабақ кестесі kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қаралды.

7) «Өмір қауіпсіздігінің кезеңдері» міндетті оқу курсы игеру бойынша күнтізбелік – тақырыптық жұмыс жоспарлары kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қаралды.

8) «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қаралды.

9- қосымша . Білім беру процесін материалдық – техникалық қамтамасыз ету оның ішінде компьютерлер оқу зертханалары , оқу пәндері кабинеттері және техникалық оқу құралдары бар.

10- қосымша . Медициналық қызмет көрсету , оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия бар.

11- қосымша . «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы, 2021 жылдың 5 тамыздағы №ҚРДСМ – 76 бұйрығы, санитариялық қорытындысы бар, нормаға сай. Мектептегі өрт қауіпсіздігі нормаға сай. Мектепте бейне бақылаулар орнатылған.

12-қосымша. Мектеп кітапханасы бойынша оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының тізбегі бар.

Сонымен қатар қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары , емтихан өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары қаралды.

2. kundelik kz, bilimclass электронды журналдары арқылы қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі , жылдық бағалардың шығарылуы қаралды.

Мектепке дейінгі білім беру

1. Мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспары мен ҰІӨ кестелері ұсынылды.

Қаулы:

1. «С. Ешбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сараптамалық комиссиясы жүргізілген өзін – өзі бағалау туралы қорытынды анықтамасы қабылданып, қорытынды бағасы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Сараптамалық комиссия жүргізген , өзін –өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша «С. Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ мемлекеттік аттестацияға ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Н. К. Дауылбаева
Педагогикалық кеңес хатшысы:  А. Куаныш

